

Қазақстан Республикасындағы көлік

Шығарылған күні: 2023 жылы 12 қыркүйек
Келесі шығарылым күні: 2023 жылы 12 қазан

- [1. Негізгі ойлар](#)
- [2. Көлік динамикасы](#)
- [3. Глоссарий](#)
- [4. Әдіснамалық түсініктемелер](#)
- [5. Қатысты басылымдарға сілтемелер](#)
- [6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

Көліктің барлық түрлерімен жүктерді және жолаушыларды тасымалдау*

«Көлік және қоймалау» секциясының қызметтерінің НКИ 2023 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылдың тиісті кезеңіне 106,9% құрады.

2023 жылғы қаңтар-тамызда Республика көлігімен 640,9 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2022 жылғы қаңтар-тамыз деңгейінен 2,5%-ға артық, осы кезеңде жүк айналымы 332 млрд. т-км құрады (2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 2,6%-ға өсті), 999,3 млн. жолаушы тасымалданды (2022 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 8,5%-ға артық), жолаушылар айналымы 47,7 млрд. п-км құрады (2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 12,2%-ға өсті).


Өңірлік бөліністе 2023 жылғы қаңтар-тамызда жүк айналымының ұлғаюы Шымкент (37,8%), Алматы (29,6%), Астана (23,1%) қалаларда және Шығыс-Қазақстан (38,7%), Павлодар (27,6%), Батыс-Қазақстан (17,4%), Солтүстік-Қазақстан (16,8%), Қызылорда (7,4%), Қарағанды (6,3%), Ақтөбе (1,8%), Ұлытау (1,2%), Қостанай (0,3%), облыстарында байқалады.

Жолаушылар айналымы ең көп дәрежеде Алматы (31,5%), Астана (18,6%), Шымкент (4,6%) қалаларында және Атырау (36,2%), Түркістан (28,1%), Шығыс-Қазақстан (27,4%), Солтүстік-Қазақстан (23,6%), Алматы (9,9%), Қызылорда (9,6%), Манғыстау (4,9%), Ақтөбе (4%) облыстарында ұлғайды.

Сурет 1

«Көлік және қоймалау» саласы бойынша нақты көлем индексі


өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



Сурет 2

Қазақстан Республикасында жүк айналымы және жолаушылар айналымы

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



2023 жылғы қаңтар-тамыздағы жүк айналымы және жолаушылар айналымы

		пайызбен	
	Жүк айналымы	Жолаушылар айналымы	
Республика Казахстан	102,6		112,2
Абай	86,3		84,2
Ақмола	80,9		79,5
Ақтөбе	101,8		104,0
Алматы	96,8		109,9
Атырау	95,1		136,2
Батыс Қазақстан	117,4		90,9
Жамбыл	95,3		90,2
Жетісу	90,5		91,9
Қарағанды	106,3		95,3
Қостанай	100,3		97,7
Қызылорда	107,4		109,6
Маңғыстау	95,5		104,9
Павлодар	127,6		98,1
Солтүстік Қазақстан	116,8		123,6
Түркістан	93,9		128,1
Ұлытау	101,2		95,4
Шығыс Қазақстан	138,7		127,4
Астана қаласы	123,1		118,6
Алматы қаласы	129,6		131,5
Шымкент қаласы	137,8		101,6

Теміржол көлігі

2023 жылғы қаңтар-тамызда республика темір жол көлігімен 272,9 млн. тонна жүк тасымалданды, бұл 2022 жылғы қаңтар-тамызбен деңгейінен 0,1%-ға аз, осы кезеңде жүк айналымы 216,7 млрд. т-км құрады (2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 5,1%-ға ұлғайды), 13,5 млн. жолаушы тасымалданды (2022 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 3,3%-ға артық), жолаушылар айналымы 11,1 млрд. п-км құрады (2022 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 0,5%-ға аз).

Автомобиль және қалалық электр көлігі

2023 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда автомобиль көлігімен жүктасымалдау 10,8-ға ұлғайғаны байқалады. Бұл ретте жолаушыларды тасымалдау және жолаушылар айналымы тиісінше 8,5% және 2,1%-ға ұлғайды.

Құбыр көлігі

2023 жылғы қаңтар-тамызда 183,0 млн. тонна жүк тасымалданды (2022 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 1,3%-ға аз), жүк айналымы 96,4 млрд.т-км құрады (2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 1,7%-ға азайды).

Әуе көлігі

2023 жылғы қаңтар-тамызда республиканың әуе көлігімен 8720,1 мың жолаушы тасымалданды (2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 25,7%-ға ұлғайды), жолаушылар айналымы 17286,4 млн.п-км құрады (2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 38,9%-ға ұлғайды).

Ішкі су көлігі

2023 жылғы қаңтар-тамызда ішкі су көлігімен 508,1 мың тонна жүк тасымалданды, (2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 5,1%-ға ұлғайды) 111,1 мың жолаушы тасымалданды, (2022 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 14,3%-ға аз).

Теңіз және жағалау көлігі

2023 жылғы қаңтар-тамызда теңіз көлігімен 890,7 мың тонна жүк тасымалданды, 2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 12,7%-ға ұлғайғаны байқалады, жүк айналымы 546 млн. т-км құрады және 2022 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 9,5% өсті.

**Көлік саласы бойынша статистикалық деректер 2023 жылғы қаңтардан бастап автомобиль көлігінде жүктерді және жолаушыларды коммерциялық тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер қызметінің көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдіснамалық тәсілдің өзгеруін ескере отырып қалыптастырылды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы деректерді алу мақсатында көлік саласының 2022 жылғы негізгі көрсеткіштері қайта қалыптастырылды.*

Электрондық кестелер

[Қазақстан Республикасындағы көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

2. Көлік динамикасы

Динамикалық кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы кезең мен айдағы көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

[Көлік және қоймалау саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымы](#)

3. Глоссарий

Тасымалданған жүктер-көлікпен тасымалданған тоннадағы жүктер саны.

Көліктің жүк айналымы-жүктерді тасымалдау бойынша көлік жұмыстарының көлемі, тонна-километрмен тұлғаланады. Тасымалданатын жүктің әрбір партиясының (жөнелтудің) салмағын оны тасымалдау арақашықтығына көбейтудің жиынтықталуы арқылы анықталады.

Жолаушылар тасымалдау– белгілі бір уақыт кезеңінде тасымалданған жолаушылар саны. Көлік, қатынас түрлері бойынша ескеріледі. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапары болып саналады.

Көліктің жолаушылар айналымы-жолаушыларды тасымалдау бойынша жұмыс көлемі. Өлшем бірлігі-жолаушы-километр, яғни 1 жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыру болып табылады. Әр тасымалдаудың жолаушылар санының туындыларын километрмен тасымалдау қашықтығына қосу арқылы анықталады.

Нақты көлем индексі-есепті кезеңдегі жүк және жолаушылар тасымалының сандық көлемдерінің базиспен салыстырғанда өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш және жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістердің орташа өлшенген өсу қарқыны негізінде есептеледі.

4. Әдіснамалық түсініктемелер

Шығарылымда 1-көлік айлық нысаны бойынша есеп берген, негізгі қызмет түрі – көлік (ЭҚЖС-ның коды – 49-51) болып табылатын кәсіпорындардың жұмысы, жолаушыларды және жүктерді коммерциялық негізде тасымалдауды жүзеге асыратын экономиканың басқа да салаларындағы кәсіпорындар көрсетілген, сондай-ақ коммерциялық негізде автомобиль көлігінде жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын, тоқсандық нысандар бойынша есеп берген дара кәсіпкерлер: 1-ЖК (автожүк), 1-ЖК (автожолаушылар).

5. Пайдалы сілтемелер

[Көлік статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Көлік жұмысы туралы есеп» 1-көлік нысаны](#)

[Көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері, Сапа бойынша есеп, 2020ж.](#)

[Көлік қызметінің көрсеткіштері, «Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Шығаруға жауапты: Қызметкөрсету және энергетика статистикасы департаменті	Департамент Директоры: Г. Қарауылова Тел. +7 7172749077	Орындаушы: Н. Заман Тел. +7 7172 749771 E-mail: n.zaman @aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
---	--	--	---